Ғ.Е. ИМАМБАЕВА

ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТІҢ МӘТІН КӨЛЕМІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ

Пассив (ырықсыз) етіс – субъекті-объектілік қатынастарды көрсететін, лексика-грамматикалық категория ретінде сипатталады. Етіс қазақ тілі грамматикасында етіс категориясы ретінде анықталып, сөйлем құрамында етістік басты рөль атқарумен қатар, сөйлемнің шыңы мен тірек сөзі ретінде қабылданады. Пассив (ырықсыз) етіс етістіктің сөз өзгерту категориясы болса, ал категориялық есебіндегі етіс мағынасы етістіктің формасы мен қайшылығының формальдық қатарына сүйенеді. Пассив (ырықсыз) етіс грамматикалық категориясы бола тұра, функционалдық тұрғыдан қарастырылады. Осыған байланысты, ФСӨ – функционалды-семантикалық өріс аясында етіс семантикасын шығаратын (морфологиялық, синтаксистік, лексикалық) тең деңгейлі элементтерінің өзара ықпалы мен байланысын қарастыруға мүмкіндік береді. ФСӨ-сі сатылай құрылым болып, орталық (ядро) мен сыртқы қоршауға бөлінеді. Функционалды-семантикалық өріс ядросы актив пен пассив қайшылықтарымен белгіленеді. Пассивтің микроөріс орталығы ырықсыз етіс формасымен көрсетіледі. Пассивтің ФСӨ-сінің сыртқы қоршауы пассив мағынасындағы әртүрлі деңгейдегі бірліктер бөлшектерімен белгіленеді. Сондықтан олар пассивтің категориялық мағынасын категориялық емес тәсілмен көрсеткен болып саналады. ФСӨ құрылымы орталық пен сыртқы қоршау бөлшектері арасында нақты шектеудің жоқтығымен, орталықтан сыртқы қоршауға ауысу мүмкіншілігімен сипатталады. Сөйтіп құрылымдық сатылы өрістің тиісті сатысына тілдік құралдарды бөлгенде, кейбір қиындықтар туады. Пассив (ырықсыз) етіс категориясы, етістіктің сөз өзгерту формасы бола тұра, сабақты етістік парадигмасының бөлшегіне жатады, өйткені бұл категория, етістің грамматикалық категориясын жасайтын қабілеті арқылы бір-бірін өзара ауыстыратын актив пен пассив формаларына ие болғызатын, етістіктің сабақтылық сипатымен байланысты. Қазақ тілінде етіс жүйесі негізгі мен ырықсыз етіс қайшылығымен көрініс табады. Етіс қайшылықтары етістік формасымен берілген, бастауыш пен үрдістің байланыс түрлері бойынша, немесе қимыл иесі – бастауыш пен іс-әрекет баяндауыш арасындағы қарама-қарсылықты белгілейді.

Тіл білімінде ырықсыз етіс түрі барлық түркі тілдес, якут тілінен басқа, халықтарының тілінде бар екендігі айтылады. Негізінен, сөзжасамдық құрылымы бойынша, біртүбірлес етістіктерден, мысалы, әртүрлі мағынада тұрған: «*жоғал*» - «жойылу, жоғалып кету» мен «жойып тастау, қырып кету», немесе «*түзіл*» - «бір нәрсені түзету», «өзөзін дұрыс жолға салып, түзеу» сияқты қимылды білдіретін сабақты етістіктердің көңіл-күй мағынасындағы салт етістіктерге ауысқандығын байқаймыз. Сонымен, ырықсыз етіс тұлғасы, көбінде, негізгі етіске қарама-қарсы болып келеді. Осыған байланысты, сабақтылық пен салт ұғымдары, белсенді қимылды білдіретін етістіктердің көңіл-күй мәніндегі етістіктерге қарама-қайшылық орын алады. Тіл білімінде ырықсыз етістің пассив ұғымының иегері болуымен байланысты, бұл етіс түріне белгілі тілші-ғалымдар: Ш.Бектұров пен М.Серғалиев берген анықтамасын келтіруге тура келеді. «Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады», - деген [1, 111 б.].

Ырықсыз етіс қызметінде сөйлем бастауышы іс-әрекет жасаушысы болмай, тек қана оған бағытталған, объект күйіндегі, қимыл иегері болып, көрінеді. Мысалы: «*су жерге сіңді*», «*киім жыртылды*», «*тас жарылды*» т.б. Бұл сөйлем мағыналарының жалпы ерекшеліктерінің бірі – қимыл-әрекет, істің иегерісіз, өзбетінше, жасалып жатқанында жатыр. Ырықсыз етістің –ыл, -іл, -л жұрнақтары (*шымылдық ілінді*), кейде –ын, -ін, -н (*көше тазаланды*) жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалатындығын білеміз. Мұндай жағдайда, жоғарыда көрсетілгендей, сабақты етістік салт етістікке айналады. Сондай-ақ ырықсыз етіс жұрнақтарының сөйлем ішіндегі жақсыз қимылды, мысалы: «*ашылды*», «*жарылды*», «*жыртылды*», көрсетумен қатар, белсенді іс-әрекет білдіретін етістіктерді, ырықсыз етіс табиғатына жақын көңіл-күй етістіктерге айналдыру қызметі айқын көрініс табады. Кейде белсенді қимылды білдіргенде, сол әрекеттің иегері көрінбей, бар болуы тек логикалық ойға тіреледі. Бұндай жағдайда, ырықсыз етіс табиғатының мынадай ерекшеліктері бірден көзге түсуі мүмкін. Етістің сөйлемде атқаратын қызметтік ерекшеліктерін бірден, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінділер келтіру арқылы байқауға болады. Мысалы: «*Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді*» [2, 179 б.]. «*Бірақ дыбыс білінбейді*» [2, 179 б.]. «*Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі*» [2, 179 б.]. «*Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді*» [2, 180 б.]. Көркем шығармадағы сөйлемдерді талдап қарасақ, бұл сөйлемдер арқы-

лы жеткізіліп отырған оқиғаның жағдаятына қарай, етіс формасындағы етістікпен беріліп тұрған қимыл, өзбетінше, өтіп жатқан әрекет амалына ұқсайды. Тіл білімінде бұндай қимыл медиопассив формасына тән болып, іс жасаушы анық көрініс таппай, оның барына логикалық оймен жетеміз, мұнда медиопассив ағысынан пассивке ауысу құбылысы байқалса, нақты ырықсыз етіс сөйлемдерінде медиопассивке нағыз іс-әрекет жасаушымен өтетін қимыл қарама-қайшылыққа келеді.

Етіске қатысты айтылған сипаттаманы, төмендегідей сөйлемдерден нақтырақ аңғаруға болады: «қабырға тесілді», «су ішілді», «көп қабатты үй салына бастады». Сонымен ырықсыз етістің өзі күрделі қимылды білдіретіндігі рас, субъект пен объектінің қатысуына орай, екі жақты болып келеді: біреуі – (пассив) белсенділік қимылды көрсетсе, екіншісі – (медиопассив), көбінде, көңілкүй әрекетін жасаумен анықталады. Кейде медиопассивте қимылдың негізі айтылмай, белгісіз болады, кейбір жағдайда бастауышқа тіреледі, мысалы: «су тартылды», (сен) «қиналма». Таза ырықсыз етісте бастауыш өзбетінше өтетін қимылдың объектісіне айналып, қимылды жасауға қатыспайды. Мысалы: «есік жабылды», «оған ақша бөлінді», «тамақ ішілді». Бірақ мұндай қарама-қайшылыққа кейбір етістіктерді жатқызу қиындыққа ұшырайды, мысалы, «саусағы қысылды» - деген сөйлемде жақсыз әрекет көрсетілгендіктен, медиопассивке жатады. Турасын айтқанда, ырықсыз етіс негізгі етіспен қарама-қайшылықта тұрады, мысалы: «Шырша безендірілді» - ырықсыз етісте болса, «Балалар шыршаны безендірді» - қимыл негізгі етіспен көрсетілген. Бұл мысалдардан көруге болады: әсіресе, сабақты етістіктерден жасалынған ырықсыз етіс негізгі етістің ауыстырылуы болып келеді. Мұнда субъект сөйлеу әрекетінен шығып, оның бастауыштық рөлі септікте тұрған, негізгі субъектімен байланысы үзілген, белгісіз жақсыз қимылды көрсететін, тура объектінің атауы мен етістік атқарады. Мысалы: «ең жақсы өндер айтылады», «бұл сөз естіледі».

Ырықсыз етісте –ыл, -іл, -л жұрнақтарымен кең таралған, кейбір етістіктер түрі, мысалы: «ашылу, басталу, бұзылу, үзілу» субъектімен мүлдем байланыспай, көрсететін қимылда субъектісі орын алмайды, олардың қатысуымен жасалған сөйлемде қимыл-әрекет өзінен-өзі өтетін құбылыс ретінде қабылданады, мысалы: «аспан ашылды», «ел бұзылды», «жол екі жаққа бөлінді» т.б. Басқа етістіктер болса, субъектісі көрінбей, белгісіз, жақсыз қимылды білдіру арқылы өндірушісі жоқ, толық белсенді іс-әрекетті көрсетеді. Айтылған ойымызды келесі мысалдар дәлелдейді: «сөз айтылды», «жер түзелді» т.б.

Жоғарыдағы баяндауларды жинақтай келгенде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады: пассивтің субъектісіз құрылымдары негізгі диатеза бола тұра, қазіргі қазақ тілінде ырықсыз етіс жасауда нақты орныққан. Олар сөйлеу тілінің ауызша, жазбаша түрінің барлық жанрларына тән болып келеді. Осыған байланысты, субъектісіз ырықсыз етіс семантикалық жағымен, етістің негізі ретінде медиопассивке жақынырақ болып, өзінің тамырымен тілдің терең тарихи дамуымен ұштасады. Сондай-ақ, субъектісіз ырықсыз етіспен қатар, үш мүшелі пассивтік құрылымдар кітаби стильде пайда болып, орнықты.

Жалпы, тіл білімінде етіс құрылымына сипаттама жасау нәтижесінде негізгі етіс құрылымының тура толықтауышы ырықсыз етістің бастауышы, ал негізгі етістің бастауышы ырықсыз етіс құрылымында агенттік толықтауыш болатындай қабілетін көрсететін, пассив құрылымы өзгерілген, мағынасы керісінше болатын, негізгі етістің қарама-қарсы құрылымы ретінде қабылданады.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс арқылы қимылдың субъектісі мен объектісі сөйлемдегі етістік сөз табына қарай, өзінің қатыстығын өзгертеді. Мысалы: «Бейне құйын жүрген су жүзіндей толқындап, жыбырлап, сыбырлап барып басылады...» [2, 326 б.].

Тіл білімінің етістікке қатысты зерттеулерінде етістік ядросы екі түрлі формамен: бір ғана етістікпен, екіншісі, күрделі етістік тобымен беріледі. Бір сөзбен берілетін етістік ядросына шығармадан мынадай сөйлемдер келтіруге болады: «Есепке кірмей, емін-еркін тиетін ішекқарын, өкпе, көтен, мойындар да қылға тізілді» [2, 290 б.]. «Үш бала бір жақ, ана қатын бір жақ секілді көрінді» [2, 290 б.].

Етістік ядросының күрделі түрімен келетіндігін төмендегі сөйлемдер дәлелдейді. «Сөйтіп, өрік бір жақ, ауыл бір жақ болуға айналды» [2, 291 б.]. «Оның бәрін де Ақбілек елең қылмас еді, Ақбілектің жанына бататын қылықтары да көріне бастады» [2, 291 б.].

Сөйлемдерді талдау барысында байқағанымыз: актив (негізгі етіс) құрылымдағы жансыз зат есімнің бастауышы пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш рөлін атқарады. Бұл құрылымдарда етістік сөйлем шыңы ретінде, ядро, яғни тірек элементі болып, белгіленеді. Жанды зат есімнің бастауышы актив (негізгі етіс) құрылымында жекеше түрде болып, пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш ретінде қолданыс табады. «Ақбілек мұңайып, төмен қарады» [2, 341 б.]. «Ақбала сөзін бастады» [2, 314 б.] – актив (негізгі етіс) құрылымы.

Жалпы, пассив пен актив құрылымдары қатарлас қарастырылады. Етістіктердің пассив құрылым-

дарын етіс жүйесінде етістіктерді зерттеуі, негізінде сатылы принцип болатын, сөйлемнің синтаксистік құрылымын жасай алатын, олар тірек элементі (ядро) сияқты қолданылатынын көрсетеді.

Пассив құрылымдарында нақты лексикалық субъект бастауыш күйінде болуы мүмкін емес. Бұл пассив құрылымдарын анықтаудың негізгі ерекшеліктері болып саналады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымындағы етістіктер өткен шақтық есімше арқылы берілген жағдайда, өзіндік мағынасымен іс-әрекеттің аяқталуын көрсетеді. Мысалы: «Төрт бөлмелі ағаш үй салынып, ауылнай үшкөл ашылған» [2, 113 б.]. «Хабар жіберілген еді». «Сөз айтылған болды».

Негізінде, пассив құрылымдарында лексикалық тұрғыдан белгіленген субъект бастауыш рөлін атқармайды. Бұл пассив құрылымдарының басты ерекшелігіне жатады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымын жасауы, оның қазақ тіліндегі синтаксистік, семантикалық ерекшеліктерін анықтаумен бірге, құрылысын кешенді түрде талдау арқылы өткізіледі. Етістік лексикасын субъект-объектілік қатынастықпен қарама-қарсы қою – қазақ тілінің негізгі ерекшелігінің бірі болып саналады. Сондықтан да, етістікке анықтама жасауда, ең әуелі, жағдаяттың қатыстығын субъектіден бастап, кейінірек, оның объектіге қатынастығы белгіленеді. Сөйлем синтаксисінің құрылымы жағдаятты белгілей отырып, қатысушыларын да анықтайды. Сонымен, сөйлемнің сыртқы құрылысы да назардан тыс қалмайды. Сөйлемнің синтаксистік сипаты синтаксистік субъект (бастауыш) пен синтаксистік предикат (баяндауыш) болатын, тиісті құралдар арқылы анықталады.

Жоғарыдағы айтылғандай, пассив құрылымдарында субъект бастауыш ретінде болмайды. Көркем шығармадан келтірілген сөйлемдердегі пассив (ырықсыз етіс) құрылымдары, көбінесе, мынадай бөлшектерден тұрады: бастауыш, баяндауыш пен толықтауыш, осылар арқылы сөйлем көлемінде субъекті-объектілік қатынастар атқарылады. Біздің ойымызша, бұндай құрылымдардың элементтеріне толықтауыш еніп, оның құрылымдық-мағыналық жақтарын қамтамасыз етудің маңызы зор. Ырықсыз етісті сөйлемдерді талдау барысында бұндай синтаксистік құрылымдарда етістік қоршауында бірнеше толықтауыштар болуы мүмкін:

- тура толықтауыштар; мысалы: «Семейде мұғалімдер курсы ашылғалы жатыр» [2, 109 б.].
- есімдікпен берілген толықтауыштар;
- актив (негізгі етіс) түрінде қолданылатын жанама толықтауыштар;
- пассив (ырықсыз етіс) түрінде қолданылатын – агенс толықтауышы.

Пассивтік (ырықсыз етісті) сөйлемде толықтауыштың ерекше рөль атқаратындығын ескере келе, оның анықтамасын беруді жөн көрдік. Сонымен, «баяндауышқа қатынасты болып, қимыл-әрекеттің объектісін білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін толықтауыш деп атайды» [1, 163 б.]. Сөйлемнің пассивтік құрылымын толық қарастыру үшін, оның құрастыруындағы тек қана тілдік бірліктерінің синтаксистік ерекшеліктерін меңгеру жеткілікті емес. Сондықтан сөйлем ұғымының құрылымын, яғни адам ойының шығу тәсілінің формасын да меңгеру қажет.

Берілген үлгінің семантикалық құрылымын мазмұны бойынша нақты жағдаят болмысының екі зат арасындағы қатынас санамызда орын алып, сөйлемнің семантикалық үлгілер бөлшектерінде көрініс табады. Сондай-ақ көрініс тауып, шығуы бойынша, бөлшектері қолданыла келе, араларында қарым-қатынастық орныға бастайды. Сөйлемнің семантикалық деңгейі не туралы айтылған бөлшектің құрылымын көрсетеді, яғни сөйлемнің мазмұнын жеткізеді. Семантикалық субъект нақты қимыл жасаушыны белгілеп, немесе жағдайға тап болушыны көрсетеді.

Сайып келгенде, етіс категориясы етістік ядросымен сөйлемнің тууына жағдай жасайды. Соның нәтижесінде етістіктер сөйлемнің бүтіндей қалпын сақтауға ықпалын тигізеді. Пассив құрылымы актив-пассив қалыптарының пассив мағынасы бойынша етістіктерді қарама-қарсы қоюға мүмкіндік жасайтын сабақты активтің туындысы болады. Пассив құрылымдарында сабақты етістіктер қолданылатындықтан, бұл олардың басқа сөздермен бірлесуге, синтаксистік кешендер жасауға мүмкіншілік береді. Етістіктер арқылы тура толықтауышты қолданатын, сонымен, етістікті – тура құрылымның толықтауышымен анықтайтын, кейбір құрылымдар жасалады.

ӘДЕБИЕТ

1 *Бектұров Ш., Сергалиев М.* Қазақ тілі / Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық. – Алматы: Білім, 1994. – 224 бет.

2 *Аймауытов Ж.* Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

3 *Ахметжанова З.Қ.* Қазақ тіліндегі посессивті конструкциясы. – Алматы, 2010.

4 *Сағындықұлы Б.* Тең дәрежелік қатынастағы тілдік бірліктері. Филол. ғыл. док. ғылыми дәрежесін алу үшін жаз. дисс. автореферат. – Алматы, 2002. – 49 б.

5 *Салқынбай А.Б.* Функционалды грамматика очерктері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 119 б.

6 Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер / Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. – Алматы, 1975. – 223 б.

Резюме

Рассматриваются функциональные особенности категории страдательного залога в тексте художественной литературы.

Summary

The article is due to the functional characteristics of the passive voice category in Fiction.